

**"Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 2 қарашадағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 қарашада № 33606 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік министрі*

*М. Карабаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

### Кемелердің тіркеу нөмірлері

1. Кемелерге тіркеу нөмірлерін беру төменде санамаланған литерлерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Жоғарғы Ертіс бассейніне – "ER";
- 2) Орал бассейніне – "ZH";
- 3) Іле бассейніне – "IL";
- 4) Балқаш бассейніне – "B";
- 5) Есіл бассейніне – "ES";
- 6) Сырдария бассейніне – "S";
- 7) Каспий бассейніне – "Q";
- 8) Орталық бассейнге (Қазақстан Республикасының басқа су қоймаларына) – "OR".

Жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне енгізілген кеменің тіркеу нөміріне "А" әрпі қосылады.

2. Кеменің тіркеу орнын белгілеу мақсатында нақты бассейн үшін белгіленген әріптік литерге цифрлық литер де қосылады:

- 1) Өскемен учаскесі – "ER-1";
- 2) Семей учаскесі-" ER -2";
- 3) Павлодар учаскесі – "ER-3";
- 4) Орал учаскесі-"ZH-1";
- 5) Атырау учаскесі-"ZH-2";
- 6) Қарағанды учаскесі (орталық бассейн үшін)-"OR-1";
- 7) Қарағанды учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-1";
- 8) Алматы учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-2";
- 9) Жамбыл учаскесі – "B-3";
- 10) Жетісу учаскесі (Балқаш бассейні үшін)-"B-4";
- 11) Астана қаласының учаскесі – "ES-1";
- 12) Петропавл учаскесі-"ES-2";

- 13) Қостанай учаскесі – "OR-2";
- 14) Түркістан учаскесі - "S-1";
- 15) Қызылорда учаскесі – "S-2".

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрінің  
2023 жылғы 2 қарашадағы  
№ 49 Бұйрыққа  
2-қосымша  
Кемені, оның ішінде  
шағын көлемді кемені  
және оған құқықтарды  
мемлекеттік тіркеу  
қағидаларына  
12-қосымша

### **Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелердің тіркеу нөмірлері**

Уәкілетті орган облыстар және қалалар бойынша тіркеу нөмірлерін белгілейді:

- 1) Абай облысы - АВА 0001-ден 9999-ға дейін;
- 2) Ақмола облысы - AQM 0001-ден 9999-ға дейін;
- 3) Астана қаласы - AST 0001-ден 9999-ға дейін;
- 4) Ақтөбе облысы - AQT 0001-ден 9999-ға дейін;
- 5) Алматы облысы - ALM 0001-ден 9999-ға дейін;
- 6) Алматы қаласы - ALQ 0001-ден 9999-ға дейін;
- 7) Атырау облысы - ATR 0001-ден 9999-ға дейін;
- 8) Шығыс Қазақстан облысы - SHQ 0001-ден 9999-ға дейін;
- 9) Жамбыл облысы - JAM 0001-ден 9999-ға дейін;
- 10) Жетісу облысы - JET 0001-ден 9999-ға дейін;
- 11) Қарағанды облысы - QAR 0001-ден 9999-ға дейін;
- 12) Қызылорда облысы - QZL 0001-ден 9999-ға дейін;
- 13) Қостанай облысы - QOS 0001-ден 9999-ға дейін;
- 14) Маңғыстау облысы - MAN 0001-ден 9999-ға дейін;
- 15) Павлодар облысы - PAV 0001-ден 9999-ға дейін;
- 16) Солтүстік Қазақстан облысы - SQO 0001-ден 9999-ға дейін;
- 17) Ұлытау облысы - ULT 0001-ден 9999-ға дейін;
- 18) Батыс Қазақстан облысы - BQO 0001-ден 9999-ға дейін;
- 19) Түркістан облысы - TUR 0001-ден 9999-ға дейін;
- 20) Шымкент қаласы - SHY 0001-ден 9999-ға дейін.